

ҚОРҚЫТ АТА ТУРАЛЫ АҢЫЗ БЕН АҚИҚАТ

Ширинбеков Дастан Медетбек ұлы

Кошкинова Айнаш

Шыршық мемлекеттік педогогикалық университеті

«Қазақ тілі және әдебиеті» бағытының II курс студенттері.

Ғылыми жетекші: **Байзақов Жандос.**

Шыршық мемлекеттік педогогикалық университетінің ұстазы, доцент,

Phd докторы.

АННОТАЦИЯ

Қорқыт ата – қазақ халқы тарихында аты өшпес аңызға айналған ұлы күйші. Өзіңіз қамшының сабындай ғана қысқа өмірінде ажалға қарсы тұрып, оны жеңбек болған данышпан. Бірақ, сұм ажалға қарсы тұрар еш жан да, зат та болмаған секілді, Қорқыт ата бұл зарын өз күйлерінде баян еткен күйші ретінде аты өшпес тұлға бола алған адам. Оның өмірі басқа да жандарға бірнеше ғасыр өтсе де, өнеге боларлықтай кейіпкер деуге болады.

Кілт сөздер: ақын, композитор, күйші, мифология, қобыз, дәстүр, бақсы, жыршы, хикая, дастан, ертеке, аңыз.

THE LEGEND AND TRUTH ABOUT KORKYT ATA

ANNOTATION

Korkyt ATA is a great kuishi, whose name is indelible in the history of the Kazakh people. You yourself, like a whip, are a genius who, in his short life, stood up to death and tried to defeat it. But, as if there was no soul or substance to resist the terrible death, Korkyt Ata was a person who was able to become an indelible person,

as a kuishi who made this cry in their state. His life, though many centuries later, could be considered an example for other souls.

Keywords: *poet, composer, kuishi, mythology, kobyz, tradition, shaman, zhyrshi, Story, saga, fairytale, legend.*

Қорқыт ата (VIII ғ.) – қобыз атасы болып табылатын, композитор, жыршы, ақын, музыкант, бақсылардың қамқоршысы. Қорқыт ата түркі дәстүрін, салтын, әдетін, сенімдерін, басқа халықтардан айырмашылығын, қысқасы, қоғамдық мінездемесін ертегілерінде айтқан, оны бүгінге дейін әдемілеп жеткізген ұлы өнерпаз. Туған қайтыс болған жылдары белгісіз. Өмір сүрген ғасыры да даулы. Кейбір зерттеушілер оның Әзірет Пайғамбар заманында жасағанын айтады және ғылыми еңбектерінде бұл пікірді дәлелдейтін дастан бөлімдерін келтіреді. Ал кейбір зерттеушілер Қорқыт атаның Оғыз түріктерінің ертекішісі және дастаншысы болғанын айтып, Қорқыттың бүгін қолымыздағы 12 дастан-хикаясынан пікірлерін дәлелдейтін деректер келтіреді.

Пертев Найили Боратов Қорқыт Ата ертегілері жөніндегі Ислам Энциклопедиясына жазған мақаласында бұл ертегілердің XV ғасырға дейін ауызша болып келгенін, ал XV ғасырдың екінші жартысында Аққойынлылар тарапынан жазылып алынғанын еске түсіріп, қолымыздағы бар мәтіндерде екі бөлек дәуірдің оқиғалары бейнеленгенін көрсетеді. Қыпшақ-оғыз түріктерінің Сырдария солтүстігінде отандарында IX-XI ғасыр арасында кешкен өмірлері осы ертегі-дастандарда көрсетіліпті. Бұл ертегі-дастандар жазылып алынған XV ғасырдағы Аққойынлы мемлекетінде болған оқиғаларды қамтиды. Қорқыт Ата ертегілерінің негізі қыпшақ-оғыз түріктерінің өмір-тұрмысына негізделген және осы заманның салт, әдет-ғұрып және дәстүр түрлерін көрсетеді. Бірақ нақ осындай салт-дәстүрмен жасаған Аққойынлылар ертелерді қағазға жазғанда кейбір хикаяларды ол күндердің оқиғаларына үйлестіре жасауы мүмкін. Кейбір ғылыми еңбектерде Қорқыт Атаның Пайғамбарға елші болып жіберілгені жазылды. Бұл қосымшалардың түріктердің ислам дінін қабылдағаннан кейін

жазылуы ықтимал. Қорқыт Ата қыпшақ-оғыз түріктерінің білгіші болып табылады. «Оғыз халқының басына қайыр келетінін сөйлеген едім»,– деп айтқан хикметтерінен түріктерге жол көрсеткені байқалады және оның бақсы болғандығы жөніндегі ықтималды күшейтеді. Бақсылар әрі ақын болатын, әрі өткен замандардың хикаяларын сөйлейтін, келешектен хабар беретін. Бақсы болғанының тағы бір дәлелі – қолындағы қобызы. Әдетте, қобыз-әулиелердің аспабы. Қазіргі заманда түркі халықтары арасында Қорқыт Ата дастаны кең тараған. Қорқыт Атаның біздің заманымызға дейін жеткен 12 хикаясы бар. Олардың сегізі ішкі және сыртқы соғыстар туралы. Екеуі ғашық оқиғалары жайында болса, екеуі мифологиялық сипатта.

Бірақ бәрі де түркі дүниесін шын сипатында көрсетеді. Түркі қауымының қаһармандығы, мәдениетін, мінезін, діни әдеттерін және тұрмыстарын ашып береді. Қорқыт Ата ертегілері мен дастандары – түркі мифологиясының қайнар көзі. Қорқыт VIII ғасырда Сыр бойында бұрынғы Жанкент қаласы маңында өмір сүрген батыр, атақты ақын, асқан күйші. Сонымен бірге ол туралы көптеген аңыздар сақталған. Ел аузындағы аңыздарда Қорқыт ата мәңгі өлмейтін өмір іздеуші, мәңгілік өмір үшін қайтпас күрескер сипатында айтылады. Бірақ ол өмірінің соңында өлмейтін нәрсе жоқ екен деген пікірге келеді. Енді Қорқыт ата мәңгілік өмірді қобыз сарынынан іздейді екен. Ұлы күйшіге өзі іздеген мәңгілік өмір оның өнерінде сияқты көрінеді. Ол күйлерін толассыз тартып, дүниеден өтеді.

Өзі өлгенмен артында күйлері, ұлағатты сөздері қалады. Ал әдебиет тарихында деректі түрде Қорқыт ата кітабы бар. Қорқыт ата кітабы осы күнге дейін Дрезден қаласында он екі жырдан тұратын қолжазба күйінде және Италияда алты жырдан тұратын қолжазба күйінде сақталып келеді. Қорқыт ата кітабын VIII ғасырларда және одан да бұрын туған аңыздардың жинағы деуге болады. Оларды жыр түрінде жазған – Қорқыт ата. Кітапта қазақ халқының құрылуына тікелей қатысы бар, тарихта белгілі оғыз тайпаларының тағдырына байланысты оқиғалар баяндалады. Қорқыт ата кітабы мынадай жырлардан

тұрады: «Дерсе хан ұлы Бұқаш туралы жыр», «Қазан бектің ауылын жау шапқаны туралы жыр», «Оғыз қаған жыры», т. б. Қорқыт ата кітабының жырлары оғыз тайпасының туған жерін, елін сыртқы жаулардан қорғау үшін қан майданға шыққан алып батырларының ерлігі туралы толғайды.

Бұл – ерте заманда өмір сүрген, қобыз аспабын жасап шығарған атақты адам. Қорқыттың 20 музыкалық шығармасы белгілі. Бүгінгі күнге дейін, олардың он бірі ғана жеткен. Қорқыт ата VIII-IX ғасырларда Сырдария өзенінің бойында дүниеге келген. Ол туылмас бұрын, далада қатты дауыл басталып, найзағай жарқылдап, жерді қараңғылық басқан. Бірақ, сәби дүниеге келген соң, күн сәулесі түсіп, табиғат қайтадан тынышталады. Адамдар: «Бұл бала барлығымызды қатты қорқытты, сондықтан оның есімін Қорқыт деп қояйық», – деп шешті. Аңыз бойынша, Қорқыт жас кезінен бастап мәңгілік өмірді армандап, өліммен күресуге бел буған. Осы себепті адамдарды тастап, жалғыз өмір сүруге шешім қабылдайды. Өзінің Желмая түйесіне отырып, жердің түкпір-түкпірін аралағанымен, өлімнен жасыра алмайтынына көзі жеткен. Орман да, жер де, таулар да, қабірден құтылу мүмкін емес екенін айтқан. Қайғыға батқан музыкант, шырғай ағашынан алғашқы қобызды ойып алып, оған ішектер тартып, аспапта ойнай бастады. Ол бұл әуенге бүкіл жанын салды, ішектерінің таңғажайып дыбыстары бүкіл әлемге тарап, адамдарды баурап алды. Осылайша, Қорқыт өлгенімен, оның есімі қобыздың ішектерінде және адамдардың жүрегінде мәңгі қалды. Байқоңыр ғарыш айлағынан жетпіс км жерде, Қорқыт атаға арналған мемориалды кешені орналасқан. Егер оған аспаннан қарайтын болсаңыз, кешеннің формасы қобызға ұқсас екенін көре аласыз. Ол жел соққан кезде түрлі дыбыстар шығарады. Бұл жай ғана ескерткіш емес, кешеннің алаңында концерттер мен фестивальдар өткізіледі. Ал, 2014 жылы елбасының бұйрығы бойынша, ескерткіш қайта құрылып, кешенде мұражай пайда болды.

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. «Қазақ энциклопедиясы», VI-том.
2. «Қазақ мәдениеті». Энциклопедиялық анықтамалық. Алматы: «Аруна Ltd.» ЖШС, 2005.
3. «Қазақ әдебиеті». Энциклопедиялық анықтамалық. Алматы: «Аруна Ltd.» ЖШС, 2010 жыл.